

Айдабол спирт зауытының қызметін тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 28 қыркүйек N 1294

Айдабол спирт зауытының қызметін тұрақтандыру, бәсекелестік қабілетін арттыру, инвестициялардың түсуін, өндірісті әлемдік технологиялар мен басқару әдістері деңгейінде ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Акцепт" ЖШС фирмасы ұсынған Айдабол спирт зауытын басқару және дамыту бағдарламасы қабылдансын.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулы қабылданғанға дейін жасалған мәмілелер бойынша қаржы мәселелерін реттеуді қарастырып Айдабол спирт зауытын басқаруға беру туралы "Акцепт" ЖШС фирмасымен шарт жасасын.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіпорынды басқару туралы шарттың ережелерінің орындалуына бақылау жасау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілін тағайындап, оған осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін басқару туралы шарттың ережелерінің орындалуына пәрменді бақылауды қамтамасыз ету жүйесін үйлестіру жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі